

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының сыртқы аудитін жүргізуге арналған шарт туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қарашадағы N 1130 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының сыртқы аудитін жүргізуге арналған шарттың жобасы (бұдан әрі - Шарт) мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Арман Ғалиасқарұлы Дунаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Шартқа қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының
сыртқы аудитін жүргізуге арналған**

N ___ шарт

Астана қаласы 2005 жылғы "___" _____

Бұдан әрі "Тапсырысшы" деп аталатын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 шілдедегі N 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау ережесінің 63-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 200__ жылғы "___" _____ N _ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан әрекет ететін, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі тұлғасында Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Дунаев Арман Ғалиасқарұлы, бір тараптан және бұдан әрі "Аудитор" деп аталатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудиторлық ұйым болып табылатын 2005 жылғы 9 тамыздағы N 5 хаттамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау жөніндегі конкурс комиссиясының шешімімен конкурс жеңімпазы деп танылған "КПМГ Жанат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атынан 2005 жылғы 24 ақпандағы сенімхаттың, аудиторлық қызметпен айналысуға арналған N 0000052 бас лицензияның негізінде әрекет ететін бас директордың аудит жөніндегі орынбасары Вилсон Митчелл, екінші тараптан төмендегілер туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының сыртқы аудитін жүргізуге арналған шарт (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Шарттың мәні

1. Аудитор Шарттың және халықаралық аудит стандарттарының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі - Қор) 2005 және 2006 жылдардағы жылдық қаржылық есептілігінің аудитін (бұдан әрі - Аудит) жүргізуге міндеттенеді, ал Тапсырысшы Аудит нәтижелерін қабылдауға және оларды Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде төлеуге міндеттенеді.

Аудиттің нәтижелері Аудитордың тәуелсіз пікірін білдіретін аудиторлық есеп түрінде ресімделеді.

Аудиттің мақсаттары мен міндеттері Аудитордың аудиторлық есепте Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес Қордың қаржылық есептілігін жасаудың дұрыстығы мен объективтілігі туралы кәсіби қорытынды беруінен тұрады.

2. Мыналар аудитке жатады:

- 1) Қордың түсімдері және оларды пайдалану туралы есеп;
- 2) Қорды қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есеп;
- 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық қорды сенімгерлік басқару нәтижелері туралы жылдық есебі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес берілетін Қорды сенімгерлік басқару жөніндегі қаржылық есептілігі;
- 4) Қорды басқаруға байланысты шығыстар;
- 5) Қорды басқару жөніндегі өзге де деректер.

Аудитке жататын құжаттар аудиторлық есепке қоса берілуі тиіс.

Аудит халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізіледі және өзіне мыналарды қамтиды:

қаржылық есептілікте қамтылған соманы және өзге де ақпаратты растайтын деректерді іріктеп тестілеу;

бухгалтерлік есептің қағидаттарын және Тапсырысшының басшылығы жасаған негізгі кемшіліктерді, сондай-ақ қаржылық есептілікті берудің жалпы нысанын бағалау.

Бұдан басқа, Аудитор мынадай мәселелер бойынша ерекше назар аударуға және аудит нәтижелері бойынша талдамалық есеп беруге міндетті:

1) алдыңғы кезеңмен салыстырғанда есептің құндық және пайыздық мәндегі активтер мен міндеттемелер туралы баптарының өзгерістерін есептеуді қоса алғанда, Қор активтерінің сақталуын бағалау;

2) қаржы активтерінің әрбір түрі бойынша табыстылығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету мәселесі бойынша талдау;

3) өтімділік көрсеткіштерін есептеуді қоса алғанда, активтердің өтімділігін қамтамасыз етуді талдау;

4) тәуекелдер көрсеткіштерінің есептемелерін қоса алғанда, активтердің нарықтық құны өзгерістерінің тәуекелдерін басқару тиімділігі;

5) Қорды басқару тиімділігі, оның ішінде алдыңғы кезеңмен салыстырғанда құндық және пайыздық мәнде табыстар мен залалдар туралы есепке талдау, сондай-ақ таза активтер табыстылығының, кірістілігі, жиынтық активтер кірістілігі коэффициенттерінің есептемесі жолымен Қордың рентабельділігіне талдау жүргізу;

6) Қордың тұрақтандыру және жинақ портфельдерінің құрамы, оның ішінде елдер және қаржы активтерінің түрлері бойынша портфельдің нарықтық құнының пайыздық ара қатынасын анықтай отырып, Қордың географиялық шоғырландыру жөніндегі портфельдік инвестицияларының теңгерімдік құнына талдау жүргізу;

7) активтер мен міндеттемелердің әрбір түрі бойынша бағамдық айырмашылықтардан алынатын кірістерді немесе залалдарды көрсете отырып, портфельдің нарықтық құнының айырбас бағамының өзгерістеріне тәуелсіздігінің қамтамасыз етілуін талдау;

8) сыртқы басқарушылар қызметінің тиімділігін бағалау, оның ішінде қызмет тиімділігінің коэффициенттерін көрсете отырып, басқарушылардың тиімділігіне талдау жүргізу, олар мыналарды көрсетеді:

әрбір басқарушы генерациялаған жалпы кірістің әрбір басқарушының гонорарына қатынасының есептемесі, сондай-ақ әрбір басқарушы генерациялаған таза кірістің (әрбір басқарушыға төленген, басқарғаны үшін гонорарды шегергендер жалпы генерацияланған кіріс) осы басқарушының басқаруындағы активтердің орташа мәніне қатынасы;

әрбір - сыртқы басқарушының басқаруындағы қаржы активтерінің түрі бойынша кірістіліктің есептемесі;

9) әрбір басқарушыдағы активтердің пайыздық ара қатынасын және портфельдік инвестициялардың жалпы құнын анықтай отырып, активтердің басқарушыларға шоғырландырылуын талдауды қоса алғанда, іріктелген кастодиандардың жұмысын бағалау;

10) қаржы құралдарының түрлері бойынша кірістілікті көрсете отырып, құрылымдық өнімдерді пайдаланудың тиімділігін бағалау;

11) Қордың орташа айлық нарықтық құны есептемесінің және сенімгерлік басқаруға аударымдардың дұрыстығын тексеру;

12) мұнай қорларын талдауды - рентабельділік пен табысты таза активтерге бөлетін негізгі коэффициенттер есептемесін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қорды сенімгерлік басқару жөніндегі қызметін басқа елдердің ұқсас қорларының қызметімен салыстырмалы талдау;

13) Қордың эталондық портфельінің индекстерін қолдану тиімділігін басқа эталондық портфельдердің индекстерімен салыстырмалы бағалау;

14) Қорды басқарушылар қызметінің Ұлттық қордың инвестициялық

операцияларын жүзеге асыру ережесіне сәйкестігін тексеру.

3. Аудитор, сондай-ақ Аудит нәтижелері бойынша Тапсырысшыға Аудитті орындау процесінде белгіленетін бухгалтерлік есеп, инвестициялық операцияларды жүзеге асыру, ішкі бақылау тетіктері бойынша жұмыс пен ұсынымдардың кез келген кемшіліктерін және өзге де нәтижелерін көрсететін, аудитке жататын құжаттарға негізделген хат дайындайды.

2. Шарт бойынша құны және оны төлеу

1. Шарттың жалпы құны 26000000 (жиырма алты миллион) теңгені құрайды.

2. Осы Шарттың 2-тарауының 1-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы құны өзіне Аудитордың қызметкерлері іс жүзінде жұмсаған уақытқа және олардың ставкаларына негізделген, Аудитор көрсететін қызметтердің жалпы құнын қамтиды.

Қызметтердің құнына Тапсырысшыға қызметтер көрсетуге байланысты Аудитордың телефон, почта, телекс және факсимильдік байланыс жөніндегі үстеме шығыстары кіргізілмейді. Ұсынылған шоттың жалпы сомасына қолданылып жүрген ставка бойынша қосылған құнға салынатын салық және Тапсырысшы тексерген есептемелер бойынша үстеме шығыстар қосылатын болады.

3. Аудиттің ақы төлеу жөніндегі бюджеті мынадай мөлшерде шектелетін болады:

2005 жыл - 13000000 (он үш миллион) теңге;

2006 жыл - 13000000 (он үш миллион) теңге.

4. Тараптар арасындағы есептемелер жыл сайын Аудитор қол қойған көрсетілген қызметтерді тапсыру-қабылдап алу актілерінің және ұсынған шот-фактуралардың негізінде ұсынылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Ақы төлеу Қор қаражатының есебінен жүргізіледі.

3. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету

1. Аудитор Шарттың орындалуын қамтамасыз ету түрінде Тапсырысшының шотына Шарттың 2-тарауының 1-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасынан 5 (бес) пайызы мөлшерінде 1300000 (бір миллион үш жүз мың) теңгеге тең кепіл а қ ш а н ы е н г і з е д і .

2. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету түрінде Тапсырысшының шотына Аудитор енгізген ақшаны қайтару Аудитор Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған жағдайда ғана қайтарылады.

3. Егер Аудитор Шарт бойынша өз міндеттемесін орындамаса немесе тиісінше үлгіде орындамаса, онда Тапсырысшы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шарттың орындалуына енгізілген қамтамасыз етуді ұстайды.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Тапсырысшының мыналарға құқығы бар:

1) Аудитордан Аудит жүргізуге қатысты заңнаманың талаптары туралы толық ақпарат алуға;

2) Аудитордың ескертулері мен қорытындылары негізделетін нормативтік құқықтық кесімдермен танысуға;

3) осы Шарттың талаптарына сәйкес Аудитордың міндеттемелерді орындауын талап етуге;

4) Аудитор Шарттың талаптарын бұзған немесе орындамаған жағдайда, Шартты орындаудан бір жақты тәртіппен бас тартуға;

5) Аудитордың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырысшыда туындаған залалдардың орнын толтыруды Аудитордан талап етуге.

2. Тапсырысшы мыналарға міндеттенеді:

1) Аудит үшін қажетті ақпарат пен құжаттаманы уақтылы және толық көлемде беруге;

2) Аудитке жататын мәселелер шеңберін шектеу мақсатында Аудитордың қызметіне араласпауға;

3) Қорда іс жүзіндегі, ықтимал немесе танымал сот қуынымдары, наразылықтары, өзге де талаптары немесе ықтимал міндеттемелері болған кезде осы мәселелер туралы Аудиторға толық ақпарат беруге. Осындай мәселелер болған кезде және жәрдем көрсету, консультация беру немесе осы мәселелерде Қорды қорғау үшін Тапсырысшы кәсіби заңгерлерді тартқан жағдайда, Аудитордың өтінуі бойынша немесе өз бастамасы бойынша Тапсырысшы көрсетілген сот қуынымдарына, наразылықтарға, талаптарға немесе ықтимал міндеттемелерге қатысты жазбаша түсіндірулерді тікелей Аудиторға ұсынуын сұрай отырып, осындай заңгерлерге тиісті хат жібере, сондай-ақ осындай міндеттемелердің сомасын және олардың жағымсыз нәтижелерінің болу мүмкіндігін бағалай алады;

4) Аудитордың сұрау салуы бойынша жекелеген келісілген мерзімде Аудитордың Қордың қаржылық есептілігіне, бастапқы ведомостарына және талдамалы деректеріне қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

5) Шарттың 2-тарауының 4-тармағында көрсетілген мерзімде Аудитор ұсынған шот-фактураның негізінде Аудитор көрсеткен қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыруға.

3. Аудитордың мыналарға құқығы бар:

1) қолданыстағы Қазақстан заңнамасына қайшы келмейтін Аудитордың аудиторлық әдістемесі мен халықаралық аудит стандарттары шеңберінде Аудит жүргізудің

әдістерін дербес анықтауға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде шарттық негізде Аудит жүргізуге қатысуға әртүрлі бейіндегі мамандарды тартуға;

3) Қор бойынша оның қаржылық қызметі туралы құжаттаманы, ақша сомаларының, бағалы қағаздардың бар-жоғын толық көлемде тексеруге, туындаған мәселелер жөнінде түсіндірулер және аудиторлық тексеру үшін қажетті қосымша мәліметтер алуға;

4) осы тармақтың 3) тармақшасына жатқызылатын және өзіне, атап айтқанда, бухгалтерлік есеп тіркелімдерін және оларға қатысты деректерді, басшы және қадағалаушы органдар отырыстарының хаттамаларын, салық тексерістерінің нәтижелері туралы актілерді, шарттар мен несие келісімдерін, нотариалдық актілерді және капиталға қатысты құжаттарды қамтитын құжаттарды алуға және тексеруге.

4. Аудитор мыналарға міндетті:

1) Аудитті аудиторлық қызмет туралы заңнамаға және халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізуге;

2) Аудитті жүргізу кезінде халықаралық аудит стандарттары талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге;

3) Аудит барысында алынған және жасалған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қордың келісімінсіз олардың мазмұнын жария етпеуге;

4) оның қызметкерлерінің аудит нәтижелерінің, сондай-ақ Аудит жүргізген кезде алынған және коммерциялық немесе заңнамамен қорғалатын өзге құпияның мәнін құрайтын мәліметтердің құпиялылығын сақтауын қамтамасыз етуге;

5) қаржылық есептіліктің және өзге де құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына анықталған сәйкес келмеуі туралы Тапсырысшыға хабарлауға;

6) Осы Шарттың 5-тарауының 5-тармағында көрсетілген мерзімде халықаралық қаржылық есептілік стандарттары, халықаралық аудит стандарттары бойынша қаржылық есептілік пен аудиторлық есептің жобаларын және көрсетілген стандарттар бойынша түпкілікті қаржылық есептілік пен аудиторлық есепті беруге.

5. Қызметтер көрсету

1. Қазақстан заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау жауапкершілігі Қорды сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне жүктеледі. Бұл өзіне бухгалтерлік есептің тіркелімдерін лайықты жүргізуді, операциялардың, есеп және есептіліктің қазақстандық заңнаманың талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуді, ішкі бақылауды жүзеге асыруды, есеп саясатын дәйекті қолдануды және Қор қаражатының сақталуын қамтамасыз етуді қамтиды.

2. Қаржылық есептілік аудитін Аудитор халықаралық аудит стандарттарына сәйкес

жүргізетін болады, бұл ретте жекелеген шоттар, шоттардың топтары, операциялар мен тұтастай алғанда қаржылық есептілік бойынша елеулі және жіберілуі мүмкін қате қағидатын қоса алғанда, Аудитордың аудиторлық әдістемесі қолданылатын болады.

3. Аудитті жүргізу процесінің ерекшелігіне байланысты Аудитор халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалған Аудитке жатқызылған қаржылық есептілікте, егер қажетті ақпарат жасырылып қалса немесе Аудитордың билігіне берілмесе, елеулі қателердің болмауына кепілдік бермейді, бұл аудиттің әдеттегі барысында мұндай қателерді табуға мүмкіндік бермейді.

4. Аудитор өз жұмысын Қордың бастапқы құжаттарының негізінде жүзеге асырады және олардың дұрыстығы мен ақиқаттығы үшін, сондай-ақ Тапсырысшы ұсынған басқа ақпараттың дұрыстығы үшін жауапты болмайды. Тапсырысшы Аудиторға Аудит процесінде ол Аудиторға берген барлық ақпараттың дұрыс болғанына және бухгалтерлік есептілікте көрініс тапқанына жазбаша растама жібереді. Осы Шартты іске асыру процесінде Аудитордың қызметшілері дайындайтын барлық жұмыс құжаттары (есептемелер, сондай-ақ аудиторлық қорытындыны дайындау кезінде пайдаланылатын өзге де ішкі құжаттар) Аудитордың меншігі болып табылады. Қажет болған жағдайда, бұл құжаттардың көшірмелері Аудитордың шешімі бойынша Тапсырысшыға берілуі мүмкін.

5. Қаржылық есептілік пен аудиторлық есеп беру мерзімі:

1) 2 0 0 5 ж ы л ы :

2006 жылғы 15 ақпан - Аудитордың халықаралық қаржылық есептілік стандарттары және халықаралық аудит стандарттары бойынша қаржылық есептілік және аудиторлық есеп жобаларын Тапсырысшыға ұсынуы;

2006 жылғы 1 наурыз - Аудитордың халықаралық қаржылық есептілік стандарттары және халықаралық аудит стандарттары бойынша түпкілікті қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті Тапсырысшыға ұсынуы.

2) 2 0 0 6 ж ы л ү ш і н :

2007 жылғы 15 ақпан - Аудитордың халықаралық қаржылық есептілік стандарттары және халықаралық аудит стандарттары бойынша қаржылық есептілік және аудиторлық есеп жобаларын Тапсырысшыға ұсынуы;

2007 жылғы 1 наурыз - Аудитордың халықаралық қаржылық есептілік стандарттары және халықаралық аудит стандарттары бойынша түпкілікті қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті Тапсырысшыға ұсынуы.

6. Қызметтерді тапсыру-қабылдап алу тәртібі

1. Аудит аяқталғаннан кейін Аудитор Тапсырысшыға көрсетілген қызметтерді тапсыру-қабылдап алу актісін ұсынады.

2. Тапсырысшы түпкілікті қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті қарауға әрі

қарсылық болмаған кезде, көрсетілген қызметтерді тапсыру-қабылдап алу актісіне қол қоюға және қол қойылған актіні немесе қызметтерді қабылдаудан дәлелді бас тартуды Аудиторға жіберуге міндеттенеді.

3. Тапсырысшы дәлелді бас тартқан жағдайда, тараптар қажетті пысықтаулар мен оларды орындау мерзімінің тізбесімен екі жақты акт жасайды.

4. Тараптар көрсетілген қызметтерді тапсыру-қабылдап алу актісіне қол қойғаннан кейін Аудитор Тапсырысшыға көрсетілген қызметтер үшін шот-фактура ұсынады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

2. Тараптар Шарт бойынша жауапкершіліктен өзара келісім бойынша толық немесе ішінара босатылуы мүмкін.

3. Аудитордың кінәсі бойынша Шарттың 5-тарауының 5-тармағында белгіленген мерзім бұзылған кезде Аудитор қаржылық есептілік және аудиторлық есепті ұсыну мерзімін өткізген әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1 % мөлшерінде, бірақ осы Шарттың 2-тарауының 3-тармағында көрсетілген соманың 10 %-нан аспайтын өсімақы есептеледі.

8. Форс-мажор

1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерінің ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер ол форс-мажор жағдайының салдары болса, жауапкершіліктен босатылады.

Осы тармақтың мақсаттары үшін "форс-мажор" тараптардың бақылауына жатпайтын және күтпеген сипаты бар оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамтуы мүмкін, бірақ: әскери қимылдар, табиғи немесе дүлей апаттар, эпидемия, карантин, мемлекеттік органдардың тыйым салатын актілері және оларды ғана емес.

2. Форс-мажор жағдайының әсеріне ұшыраған және соның салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға дәрменсіз болып шыққан тарап осындай жағдайлар басталған сәттен бастап үш күннен кешіктірмей бұл туралы басқа тарапты жазбаша хабардар етуге міндетті. Форс-мажор жағдайлары туралы уақтылы хабарламау тарапты ақталу ретінде оларға сүйену құқығынан айырады.

3. Егер Шарттың 8-тарауының 1-тармағында көрсетілген жағдайлар екі айдан артық жалғасатын болса, тараптардың әрқайсысы Шартты толық немесе ішінара бұзуға құқылы. Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда Тапсырысшы Аудиторға Шарттың 2 және 6-тарауларында көрсетілген рәсімдерге сәйкес іс жүзінде жасалған жұмысқа ақы төлеуге міндеттенеді.

9. Дауларды шешу

1. Шарттың ережелерінен даулар немесе келіспеушіліктер туындаған жағдайда бастамашы тарап жазбаша түрде екінші тарапты даудың немесе келіспеушіліктің мәні туралы хабардар етуі тиіс.

2. Тараптар дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

3. Туындаған дауларды немесе келіспеушіліктерді Тараптардың келіссөздер жолымен реттеуі мүмкін болмаған жағдайда, даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

Шарт Аудитор Шарттың 3-тарауының 1-тармағына сәйкес Шартты орындауды қамтамасыз етуді толық енгізген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен орындағанға дейін қолданылады.

11. Өзге жағдайлар

1. Тапсырысшы мен Аудитор Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты құпиялылықты сақтауға міндеттенеді. Құпия болып табылатын ақпарат пен құжаттаманың тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

2. Аудиторға ұсынылған немесе ол Аудитті жүзеге асыруға байланысты алған құпия ақпарат басқа адамдарға ауызшада да, жазбаша да нысанда жария етілмейді. Осы ақпаратты ашу Тапсырысшының оған алдын ала рұқсатын алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Аудитор Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен де, ішінара да Тапсырысшының алдын ала жазбаша келісімінсіз әлде кімге бермеуі тиіс.

4. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша нысанда ресімделген және екі тарап қол қойған және оларды жасасқан кезде Шартты жасасу кезінде жасалған рәсімдер сақталған кезде ғана жарамды.

Тиісінше ресімделген өзгерістер мен толықтырулар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

5. Осы Шарт тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан, мемлекеттік және орыс тілдерінде төрт данада жасалды, бұл ретте барлық даналардың бірдей заңдық күші бар.

Шарттың ережелерін әр түрлі түсінуден туындайтын келіспеушіліктер болған жағдайда, Шарттың орысша мәтіні қолданылады.

12. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен деректемелері:

**Қазақстан Республикасы
Үкіметінің атынан**

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі,
010000, Астана қаласы,
Жеңіс даңғылы, 11,
Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Қазынашылық
комитетіндегі
ДСК 000120200
СТН 031400129686

БСК 195301070

1467023

"КПМГ Жанат" ЖШС атынан

"КПМГ Жанат" жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
050000, Алматы қаласы,
Абылай хан даңғылы, 105
"АБН АМРО Қазақстан Банкі"
ЖАҚ ЕАБ
СТН 600700072922,
МФО 190501922,
теңгедегі шот нөмірі: